



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

төккен, осы бір ұлағатты өмірнамада өзінің орнын тауып, үлес қосқан аяулы ағаларымыз, асыл тұлға, ардақты азаматтарымыз жетерлік. Түймебай Әшімбайұлы солардың қатарына жатқызуға болады. Түймебай Әшімбайұлының өмірінің әскери кезеңі, оның қанды қығынның нақ ортасында жүріп қазақша газет шығаруы, нақақтан айыпталуы, қиындық көруі, ол қиындықты қажымастан жеңіп шығуы Т. Әшімбайұлын ерекшелендіреді, ұлықтатады. Майдан газетінде ерлікті, батырлықты жырлаған, Түймебай Әшімбайұлының соғыстан кейігі өмірі ерлік пен батырлықтың үлгісі. Экономика ғылымдарының кандидаты, докторы деңгейіне жетіп, профессор, академик ғылыми атағын тез арада иеленуінде, экономика ғылымына өзінің қомақты үлесін қосуда майдан кезіндегі шыңдалып, шыныққаны көп әсер етсе керек. Т. Әшімбайұлы «Отанды қорғауда» газеті арқылы қазақ жауынгерлерін Отанға сүйіспеншілікке тәрбиеледі, жеңіске жігерлендіріп, ұлттық намысын оятты. Ленинград майданында соғысқан әр қазақ жауынгерлерлерінің ерлік істерінде Т. Әшімбайұлының үлесі зор.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Отанды қорғауда (Красноармейская газета Ленинградского фронта «Отанды қорғауда» за 1942-1945г.г.). – Ред.Р.А.Алшанов. – Алматы: Киік, 2008. – 648б.
2. Гордон М.И. Невский-2 – Лениниздат, 1976.

ӘОЖ 342.511.7

### **ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Оспанова А.К.**

Л Н Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 2-курс магистранты  
Астана, Қазақстан

Қазіргі әлем жаһандану үдерісінен ажыратылмайды, яғни әлемде әмбебап экономикалық, саяси және мәдени кеңістікті қалыптастыруда өзгерістер байқалуда. Жаһандану үдерісі тек мемлекеттер көлемінде ғана емес, жеке тұлға мен топтардың деңгейінде де жүріп жатыр. Дейтұрғанмен, жаһанданудың үдерісі әртүрлі сипатқа ие. Ол экономика саласына тез сіңіп, саяси салада сенімсіз қабылданады, ал мәдени салада ауыр өтеді. Себебі мәдени салада дін, менталитет, халық мінез-құлқы, рухани жағдайы ғасырлар бойы қалыптасқандықтан тез өзгеріс енгізе алмайды.

Жаһандану үдерісінің маңызды аспектісі оның тек материалды емес, рухани салада да жүзеге асырылатынын естен шығармауымыз қажет. Өйткені ол жеке және қоғамдық менталитеттің, сонымен қатар әлемдік көзқарастың үстем формасы, мінез-құлық стереотиптерінің қалыптасуымен түсіндіріледі. Ресей тарихшысы А.Я Гуревичтің көзқарасы бойынша «менталитетке элеуметтік-психологиялық қарым-қатынас, сананың әдеті, әлемді көріп-тану жолдары, нақты элеуметтік-мәдени қауымдастыққа тиесілі адамдардың көзқарастары жатады. Менталитет адамдардың өзіне білінбей, мінез-құлқында, күнделікті сана мен мәдениетінде айқындалады» [1].

Жаһандану жағдайына байланысты менталитет өзгеріске ұшырайды, бұл табиғи процесс. Сондықтанда, ұлттық менталитеттің, халық мінезінің ерекшелігі ретінде қабылдайтын өзгешелігі белгілі тарихи жағдайлар мен мәдени ықпалдың нәтижесі болып табылады. Олар тарихпен тығыз байланысты, яғни кезеңдердің өзгеруіне және әр түрлі тарихи оқиғаларға байланысты халық менталитеті де өзгереді. Әр халықтың тарихы, әсіресе заманауи ұлттар тарихы күрделі және қарама-қайшы болып келеді. Қазіргі заманауи халықтың менталитеті ескі мәтін үстіне жаңа мәтін жазылатын пергамент ретінде қабылданады. Заманның ағымына сәйкес,

бүгінгі таңда түрлі жаңалықтар мен өзгерістер енгізілгенімен тарихи жадымызда сақталған, қанмен сіңген ұлттың рухы, мінезі, менталитеті, түпкі мәдениеті сақталып, ұлт тарихында тарихи дамудың әр кезеңі өзінің өшпес іздерін қалдырады.

Қазіргі таңда еліміз іргелі ел болып, ата дәстүріндегі салт-сананы қайта жаңғыртып, оның тұғырлылығы мен орнықты өркендеуін қамтамасыз ету бағдарын қолға алып, ұлттық болмысымызды қайта жаңғырту мен түлетуді мемлекетіміздің саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани даму бағыттарына негіздей отырып дамытуды нақты нысанаға алды [2, 77 б.].

Қазақстандық егемендікті маңызды мазмұнмен толтыру үдерісі ХХ-ғасырдың ішінде жасырын дағдарыс жағдайында болатын этномәдени бірегейлік, ұлттық менталитет ұлттық этносаясаттың пайда болуына бағытталған әлеуметтік және ғылыми-теориялық дискурстардағы тенденциялардың өзектілігін алдын ала анықтады.

Қазақ халқына «кеңестік бірегейлікті» енгізіп, халықтың ұлттық рухани қажеттіліктерін басып, жаншыған кеңестік жүйенің қатаң қысымы қазақтардың көшпелі өмір салттарының негіздерін, тілін, дәстүрлі мәдениетін, менталитетін жоюға бағытталғаны баршаға мәлім. Сондықтан да ұлттық құрылыстың барысында бір-бірімен араласып жатқан идеялық парадигмалар спектрінде ұзақ мерзімді негіз болып табылатын өркениеттік және этномәдени құндылықтар қалануда. Елімізде мемлекеттің қолдауымен қазақ этномәдени мұрасын, генетикалық кодын қалпына келтіру, жаңғырту жұмыстары басталды.

Ұлттық тарихымызда «ақ дақтарды» ашу және жариялау кезеңі аяқталмай тұрса да, ұлттық және мемлекеттік құрылыстағы этномәдени бірліктің орны мен рөлін тереңірек түсіну фазасы келе жатыр. Заманауи жаһандық қауіп-қатерлер аясында, әлемнің көптеген елдерінде этнонационализм іс жүзінде өршіп, тарихи тамырларға және этномәдени сәйкестілікке рухани өмірдің елеулі тұрақтылығы ретінде қызығушылықты арттыру негізінде орын алды.

Халықтың менталитеті, ерекшелігі, сипаты, рухани мәдениеті, генетикалық кодын анықтауға деген қызығушылық қазақстандық қоғамның тоталитарлық идеологияның құлдырауынан кейін пайда болған идеологиялық вакуумды толтырудың нақты мұқтажымен, әлемдік мультимәдениеттік үрдістерді өзектілеуімен сәйкес келеді. Қазақстандық заманауи қоғамда полиэтникалық сипаты өзекті болып табылып, сонымен бірге қазақстандық этникалық топтардың ортақ азаматтығы ретінде қалыптастыру міндетін қиындатады. Осыған байланысты қазақстандық көпұлтты қоғамдастықты көлденең құрылымдау проблемаларын ғылыми тұрғыдан түсіну, этникааралық келісімнің қазақстандық моделінің негізін нығайта алатын жаңа синтетикалық және көп мәдениетті тұлғаларды қалыптастыру өте маңызды болып табылады.

Қазақ менталитеті, яғни халықтың өзіндік ерекшелігі еліміздегі көптеген полиэтникалық мозаиканың этномәдени элементтерін қамтамасыз ететін іргелі байланыс болуы керек. Дегенмен, қазақ халқының өзіндік ерекшелігі, менталитеті әлі де көпөлшемді әлеуметтік-мәдени дифференциация мен айырмашылықтың көрінісі ретінде анықтау, қалыптастыру және жеңу сатысында тұр. Ежелгі өркениеттік негізі бар қазақ дүниетанымының дуализмі және мәдени-тарихи көп векторлығы (синкреттілік) елді жаңғыртудың ұзақ мерзімді жоспарларына сәйкес идеологиялық бағдарлау мен стратегияларды анықтау арқылы қазіргі таңдағы белгісіздік жағдайын алдын ала анықтап, тұрақты түрде жаңғыртады.

Заманауи қазақстандық қоғам жағдайындағы ұлттық менталитет, ұлттық бірегейлік мәселелері негізгі нысанаға алынды. Сондықтан, халықтың мәдени құндылықтары, нышандары және басымдықтары саяси және әлеуметтік мәселелерді шешудегі маңызды факторларға, яғни нарықтық тетіктерді жеделдете жұмылдырып іске қосуға тиіс. Мәдени-тарихи және этникалық басымдық, қазіргі заманғы жағдайдағы әлеуметтік-экономикалық және геосаяси өзара әрекеттесудің мақсатын және мазмұнын айқындайтын ерекше мәнге ие болатын жеке сәйкестілік үшін күресті күшейтеді. Қоғамдық сана этникалық шекаралар мен мәдениетаралық қашықтықтармен анықтала бастайды және этникалық ынтымақтастық әлеуметтік мінез-құлық стратегияларын таңдауда және маңызды шешімдер қабылдауда шешуші болып табылады.

Қазіргі заманғы өзекті мәселелердің бірі қоғамдық сананың жаңа шекарасына қол жеткізу үшін оны өзгерту қажет. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Дағдарыстан шығу кілті» деп аталатын бағдарламалық мақаласында көрсетілгендей, түбегейлі жаңаруды бастау үшін, біз жаңа дүниенің фактілері мен құбылыстарын білдіретін ой-пікірлеріміз бен түсініктерімізді, олардың теорияларын, схемаларын, ойлау қабілеттерін және терминдерді жаңартуымыз керек, яғни сәтті модернизацияның кілті – сананың жаңаруы болып табылады.

Мемлекеттің идеологиялық саласына ықпал ететін ең маңызды ресурсы ретінде ұлттық менталитет пен этномәдени бірегейлік түсінігі бірінші болып модернизацияға ұшырауы тиіс. Ұлттық менталитет ұғымы тек методологиялық емес, жан-жақты әлеуметтік және психологиялық мазмұны мен күрделі құрылымдық мәдени және тарихи мазмұны бар құбылмалы құбылыс ретінде түсіндіріледі.

Қазіргі таңдағы Қазақстан үшін ұлттық-мемлекеттік құрылыстың үлгісі ретінде мемлекет тірегі болатын қазақ халқының бірегейлігі, өзіндік сипаты, мінез-құлқы, тілі мен мәдениетіне негізделген ұлт қана қажет. Бұл ұлы міндет - қазақстандық қазіргі менталитетті қалпына келтіріп, сақтап тұратын этномәдени құбылыс ғана емес, сонымен бірге қайта жаңғыртып, дамыта отырып болашаққа ұмтылатын жалпы азаматтық идеал ретінде қарастырылады. Қазақтың өзіндік ерекшелігі тек дәстүрді сақтау мен дамытуда ғана емес, сонымен бірге өтпелі кезеңнен өтуде өзгеріске ұшырау нәтижесінде сақталып, дамуы, өйткені тек қилы замандардан өткен менталитет қана шындалып, нығая түседі. Сондықтанда менталитеттің астарындағы өзгерістер мен жаңалықтарды, олардың белгілі қоғамдық қатынастар талаптарына сай бейімделуі мен қайшылықтарын қадағалап отыру маңызды шаруа болып табылады. Стереотиптердің тұрақтылығының өлшемі қашанда әлеуметтік орта, қалыптасқан дәстүрлі қатынастар мен құндылықтар болып табылады, ал оған деген қоғам тарапынан сұраныс өзгерген жағдайда стереотиптер де өзгеріске ұшырайды және оның құрамында динамикалық қозғалыстар басталады. Бұл негізінен ескі мен жаңаның күресі арқылы сипатталады. Мысал үшін, кешегі социализм тұсында қалыптасқан қатынастар адамдардан осы жүйеге сай келетін стереотиптер мен ойлау түрін, дүниетүсінігі мен дүниетанымдарын қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар бір қалыпқа салғаны белгілі. Қалыпқа келтірудің тәсілдері ретінде сыртқы тетіктерді, яғни зорлау, қинау, жазалауды кеңінен пайдаланды. Кейін бұлардың барлығы үйреншікті әдіске айналып сол кездегі менталитеттің ажырамас сипатына айналды. Соның нәтижесінде ұрпақтар сабақтастығының әлеуметтік негізі бұзылып, қоғам мен адам, адам мен адам арасында орны толмас өзара рухани байланыстардың бұзылуына жол берілді.

Жалпы ұлт менталитеті деп ұлт болып қалыптасқан елдің ұстанымын атайды және ол жоғарда айтып өткеніміздей, белгілі бір тарихи жағдайларға сәйкес бейімделіп қана қоймай, өзгеріп отырады.

Қоғамның тиімді дамуы тек ұлттық дәстүрлер, іргелі құндылықтарына сүйенген кезде ғана болады. Мемлекеттің мақсаттары мен құндылықтары халықтың ұлттық құндылықтарына сәйкес болуы шарт.

Жалпы ұлттық менталитет және ұлттық рух мәселелері отандық тарихнамада зерттелімі жеткілісіз тақырып. Бұл мәселе жайында тек соңғы кездері тарихшылар, саясаттанушылар, философтар, психологтар, жазушылар мен журналистер қалам тарта бастады. Бұл тақырып арнайы зерттеудің нысаны бола қойған жоқ. Қазіргі кезде, тәуелсіз Қазақстан жағдайында, осы өмір сүріп отырған ғасырымызға сай жаңа құндылықтар қалыптасуда. Сондықтанда ұлттық феномен ғылыми және тәжірибелік жоспарда жаңа сипаттаманы талап етеді. Қазақ менталитетін зерттеу мен бағалау Батыс және Шығыс мәдени кодтарының қиылысында қалыптасқан шешімі қиын мәселе болып табылады.

Елбасының бағдарламасының мақсаты - бүкіл ұлттық құндылықтарды қайта түлету, яғни өзге ұлттан ерекшелендіретін, ұлттың өзіне тән салт-дәстүр, ұлттық мінез, тарих және тарихи мұрағаттар, тіл, дін, діл, мәдени, рухани өнер, қолөнер, ұлттық спорт, ұлттық әдебиет, кино,

тағы да басқа құндылықтарды жаңғырту. Алайда жаңғырту деген оны реформалау, өзгерту емес. Демек, мүмкіндігінше біздің халқымызға тән ұлттық құндылықтар әуелгі тұмса қалпын сақтаса, ол соншалықты құнды деп есептеледі. Сондықтан да ұлттық рухымызды бойымызда мәңгі сақтауға тиіспіз. «Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды».

Ұлттық менталитетті бағытталған мемлекеттік идеология арқылы, мемлекеттік саясат арқылы өзгертуге болады, оның жақсы қасиеттерін басып-жаншып, жаман қасиеттерін әшкерелеуге де болады немесе керісінше, мемлекеттің басымдық мақсатына жетуі үшін, дені сау мемлекеттік ұлттық идеяны қалыптастыру үшін ұлттық мінез-құлықтың жақсы жақтарын дәріптей отырып, жастарды жаңа сапалы рухта тәрбиелеуге де болады.

Менталитет, әрине, көптеген сыртқы факторларға байланысты сырттай өзгергенімен, заманға сай бейімделгіштік қасиетін көрсете отырып, өз ядросын немесе түпкі тамырын өзгеріссіз қалдыра алады. Сол арқылы өзіндік ықпал да етеді. Бұл жағдайда менталитет қорғағыштық қызмет атқарады. Заманның қойған талабына сай ұлттың бейімделуін жеңілдететін де осы менталитеттің қасиеті.

Тәуелсіздіктің қалыптасуы, ұлттық мемлекеттіліктің дамуы қоғамдағы біріктіру факторы болып табылатын дені сау ұлттық менталитетпен тығыз байланысты. «Қазіргі ұлт менталитетінің ішкі даму тенденциясы үш себепке байланысты болып отыр. Олардың алғашқысы далалық демократия қағидаларынан сусындаса, екіншісі, социализм заманындағы қалыптасқан демократия қағидаларынан, үшіншісі қазіргі қоғамдағы демократиялық үдерістерге байланысты болып отыр. Сондықтан да Қазақстандағы демократиялық үрдіс жайында сөз еткенде, оны тек бүгінгі саяси қатынастардың көрінісі ретінде қарап қоймай, оның кешегі ментальдық астарына да үңілу керектігін баса айтқымыз келеді. Өкінішке орай, бұл жолда тарихи-мәдени дәстүрге сүйенуден бұрын сыртқы, батыстық үлгідегі ағымдарға еліктеу басым. Қазақтың демократияны түсіну ерекшелігі оның ата дәстүрі мен салтында, мәдениетінде жатыр. Демократияның институциялық жүйелерінің қалыптасу негізінде өзара сыйластық, мәмілелік, төзімділік, түсіністік тәрізді ұлттық құндылықтар жатуы керек. Болмаған жағдайда қазақ халқы өзінің алдында тұрған әлеуметтік- экономикалық және саяси мәселелерден жатсынып, жаһандану қарсаңында өзінің белсенділігінен айырылып қалуы мүмкін» [6].

Қазақстанның тәуелсіз дамуы кезеңінде қазақ халқы және қазақ жерінде мекендейтін барлық этностар ұлттық жаңғырудың маңызды да күрделі үдерісінен өтті. Ұлттық жаңғыру – ол ұлттың ішкі даму мүмкіндіктерін сезіну және жүзеге асыру. Бұл мүмкіндіктер бұрын оған қолайлы жағдайлар туғызылмағандықтан жүзеге асырылмай қалған ұлттың рухани, мәдени құндылықтары.

Ұлттық жаңғыру тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы декларация болуы мүмкін. Немесе ескі құндылықтарды жаңа жағдайда қайта жаңғырту түрінде қарапайым механикалық формада жүзеге асырылуы мүмкін. Н. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде қазіргі заман талаптары ескі әдістерді қолдануға жол бермейді. Олай болған жағдайда көнені іздеймін деп болашағымызды жоғалтып алуымыз мүмкін деп атап көрсеткен болатын [15].

Қазақстанда ұлттық жаңғыру жүйелі әрі сапалық тұрғыда жүзеге асырылды. Ұлттық тәуелсіздікті қайта қалпына келтіру, тарихты қайта зерделеу, елдімекендердің атын өзгерту, тарихтың жарқын беттерін зерттеу, мәдени-рухани құндылықтар мен ескерткіштерді, тілді жаңғырту сияқты кешенді жұмыстарға өркениетті, гуманистік мазмұн берілді. Мұның бәрі ұлтаралық қатынас мәдениетінің өркениетті, гуманистік негізіне берік іргетас қалыптастырды. Өйткені, ұлттық жаңғыру – ол ұлттың әлемдік өркениеттен өзінің орнын табу, жаңа сапалық деңгейге көтерілуі.

Халық менталитетіндегі ерте заманда қалыптасқан құндылықтардың өміршеңдігін, оның қоғамдық барлық салалардағы көрінісін, рөлін анықтауға болады. Қаншалықты халық

менталитетінде кездесетін құндылықтардың қазіргі демократиялық қоғамды орнатудағы рөлін айқындауға тырысуда.

Дейтұрғанмен, қазіргі таңдағы қазақстандық менталитетті зерттеуде біршама қарама-қайшылықтар кездеседі. Қазақстандық менталитет ұғымынан гөрі, ұлттық идеология, жалпыұлттық идеялар деген терминдерді қолдануды жақсы көреміз. Алайда бұл ұғымдар ғылыми категориялар болып саналмайды. Олар тек қазіргі мемлекеттік саясаттың тиімді жүргізілуіне жағдай жасайтын принциптер болып саналады. Қоғамның қазіргі бет алысын, бағыт-бағдарын анықтау үшін, қазақстандық менталитет категориясына шынша мән беру әлі де болса өз деңгейінде қолға алынбай жатыр.

Қазіргі қоғамда халықтың рухани құндылықтар жүйесінің бұзылуы кең етек алды. Материалдық құндылықтар, заттың болмыс дүниесі адамдардың іс-әрекетін реттеуде қозғаушы күшке айналды. Сондықтан ұлттың өз бірегейлігін сақтау үшін ұлттық бастауларды қайтарып, соларға сүйене отырып, әлемдік өркениетке бағытты ұстау, қайта түлеу жолдарын іздеу бүгінгі күндегі қазақ қоғамының басты мақсаты болып отыр. Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамдық идеалдық бірлігінде» деген еңбегінде «мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келеді. Өз тарихына, мәдени тамырларына қайта оралу – бұл, әрине, оң процесс... Қазақстанда ұлттық тілді, өнрді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр»[Назарбаев]- деп көрсетті.

Елбасы қоғамның рухани құндылықтарын қайтару мен жандандыруды болашақ ұрпақты тәрбиелеу ісінде бастама ретінде алу мәселелерін маңызды жұмыс екенін атап айтып, соларды қолға алуды міндеттеді.

Қорытындылай келе, ұлттық менталитетті зерттеудің маңыздылығы, ол әр халыққа қажет ұлттық идея мен мемлекеттік идеологияны қалыптастыруға негіз бола алады. Ал жаһандану жағдайында қазақ менталитеті үшін өзін-өзі ұлт ретінде сақтап қалуға құндылықтарына негізделген ұлттық идеологияны жасақтау қажет.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Гуревич А.Я. Ментальность // 50:50. Опыт словаря нового мышления. – М.: Прогресс, 1989. – с. 454-456.
2. Жүнісов А. Бабалар дәстүрі. – Алматы, 1992. – 77 б.
3. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең.- Алматы: Ғылым, 1999.
4. Общациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа. – Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2006.
5. Назарбаев Н.Ә. На пороге XXI века. – Алматы: Өнер, 1996. – 288 с.
6. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. — Алматы: Өнер, 1996. - 270 б.

УДК 904:93/94

### **ДИСТАНЦИОННОЕ ОРУЖИЕ КОЧЕВНИКОВ: ЛУКИ**

**Ракишев Рахметолла Тулемисұлы**

raha41@mail.ru

Преподаватель кафедры История Казахстана исторического факультета  
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Немногие будут оспаривать утверждение о том, что изобретение колеса и укрощение огня принадлежат к наиболее важным событиям в истории человечества. Однако при этом иногда недооценивается значение изобретения лука. А ведь со времен палеолита до появления огне-